

УДК 91

ӨЛКЕТАНУ ТӘРБИЕГЕ БАУЛУДЫҢ НЕГІЗІ

Алпыс Нұршаш Аблайқызы

abylaevna18@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті «7М01524 - География педагогтерін даярлау» мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан қаласы

Ғылыми жетекші - Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ г.ғ.д., Физикалық және эконмикалық география кафедрасының профессоры Мусабаева М.Н.

Өлкетануды ғасырлар бойы бекіген білімнің нақты элементі ретінде қарастыруымыз үшін ең алдымен ұғымның өзін түсінген жөн. Менің ойымша, ең егжей-тегжейлі анықтама Үлкен Кеңес энциклопедиясында жазылған: «Өлкетану – бұл, туған жер болып табылатын жергілікті аумақты, жергілікті халықты, қаланы немесе ауылды, елді-мекендерді жан-жақты зерттеу. Өлкетану – туған өлкенің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихы мен мәдениетін зерттейді»[1].

Педагогикалық энциклопедияларда өлкетануды мектеп курсының пәні ретінде қарастырады, сондықтан оның анықтамасы: «Мектептегі өлкетану – оқушылардың өз аймақтарының, атап айтқанда мектептерінің, аудандарының, қалаларының және ауылдарының табиғатын, экономикасын, зерделеу[2].

С.И. Ожеговтың сөздігінде және А.П. Евгеньев пен Г.А. Разумниковтың да өңделген сөздіктерінде бұл ұғымға бір сипатта анықтамалар берілген: «Осы немесе өзге де бір аймақ

жайлы қалыптасқан білім жиынтығы және оның табиғатын, тарихын, экономикасын, өмір сүру заңдылықтарын және т. б. зерттеу»[3].

Жоғарыда көрсетілген анықтамаларға сүйене отырып «өлкетану» - өзінің «кіші» Отанын, оның табиғатын, этнографиясын, материалдық және рухани мәдениетін, өмір сүру ортасын зерделеу деген тұжырымға келуге әбден болады. Сонымен қатар, бұл ұғымға мектепте берілетін жәй ғана пән деп қарамай, әрбір өз-өзін құрметтейтін адамның өз жерінің қыр-сырын біліп өтуге тиіс талпынысы ретінде қарастыруымыз қажет.

Туған жерін, оның тарихын білу жас ерекшеліктеріне қарамастан барлық балалар үшін қажет болып табылады. Бұған қарамастан оның мазмұны әр түрлі бола алады, өйткені мәліметтер мен әдістерді таңдауда оқушылардың жастық және де танымдық ерекшеліктеріне басты назар аударылады. Алайда, алға қойылған мақсат көбінесе ортақ болады: «Өлкетану білім жүйесінің мақсаты – оқушылардың өмірлік кеңістігінде рухани-құндылық және тәжірибе жүзінде бағдарлануларына, сондай-ақ, әлеуметтік бейімделулеріне ықпал жасау»[4].

Жоғарыда көзделген мақсатқа қарай келесі міндеттерді бөліп көрсетуге болады:

1. Патриоттық тәрбиелеу, өмірге деген құлшыныс, қоршаған орта мен басқа адамдарға адамгершілік бағытындағы қарым-қатынас. Қазіргі таңда балаларға не үшін өз Отандарының патриоттары болу керектігін түсіндіру қиынға соғады. Өйткені, анығына келетін болсақ, олардың шынайы болып жатқан өмірлері мардымсыз шындықпен қоршалған: қылмыстық құрылымдардың шексіз күші жайлы бейнеленген үздіксіз зорлық-зомбылық көріністеріне толы фильмдер, ұқсас мәліметтермен толықтырылған газет-журналдар, бұл әлемнің әлсіздерін ғана жазалауға қабілетті әділетсіздік, жұмыссыздық, нашақорлық, жеңімпазы неғұрлым зұлым және қатыгез болғанда ғана женетін компьютерлік ойындар және т. б. Бірақ патриотизм – бұл азаматтың мемлекет қамқорлығына көрсеткен бірден-бір жауабы болып табылады. Сол себептен де, бүгінгі күні өз елін жақсы көретін және елі үшін құрбан бола алатындай патриотты тәрбиелеу қиынға соғады. Мұндай адамды тәрбиелеудегі алғашқы қадамдардың бірі өлкетану. Бұл курстың шексіз мүмкіншіліктері оқушыларға адам өмірінің аса маңызды деген нормаларын түсіндіруге мүмкіншілік туғызады: не себептен біз: - табиғатты және қоршаған ортаны қорғауымыз қажет, - ата-бабадан келе жатқан тарихи және мәдени мұраларды сақтай отырып көбейтуіміз керек, - тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғауға міндеттелуге тиіспіз, - адамның әлеуметтік жағдайына, біліміне, дініне, түсіне қарамастан адамгершіліпен, түсіністікпен қабылдауға тырысу, яғни төзімді бола білуіміз керек сынды мәселелерге жауабын береді.

2. Маңызды рухани, адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарды, сондай-ақ қоғамдық белсенділік пен әлеуметтік маңызды қасиеттерді қалыптастыра білу. Өлкетанудың тапсырмаларын орындау арқылы оқушылар жаңа адамдарды танып білуге немесе таныс болып көрінетін тұлғалар жайлы бұрын белгісіз ақпараттарды білуге мүмкіндік алады. Бұл тұлғалардың өмірбаяндарының егжей-тегжейлерін танып білу оқушыларды еріксіз таң қалдырып, аға-буын өкілдеріне құрмет көрсетуге жол ашады. Айтылған тұлғалардың осы аумақтың тарихи оқиғаларына тікелей қатыстарының болулары жайында түсініктер келеді. Ықылас, түсіну, және қорғау сезімдері пайда болады. Оқушыларға болашақта осы адамдардың орындарын басатындары жайлы, өздерінің, елдерінің тарихтарын өз қолдарымен жазатындары туралы түсіндіру маңызды болып табылады. Отанымның болашағы маған, менің ұстанымыма, ұрпағымның ұстанымына байланысты болатыны жайында түсіндіру маңызды. Сонымен қатар, оқушылар аумақтың өткені мен оның даму ерекшеліктерін негізге ала отыра, аймақтарының бүгінгі таңдағы оқиғаларының ерекшеліктері туралы түсінікке ие болулары қажет, бұдан өлкетанудың тағы бір міндеті шығады.

3. Оқушыны өзін қоршаған микроәлемінің мәселелерін түсінуге баулу. Оқушыларға адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын, өзара әрекеттесу бағытындағы рөлін көрнекі түрде ашып көрсету, процесстегі болатын өзгерістердің нақты мысалдарын келтіру, адамның іс-әрекеті мен табиғат арасындағы байланысты, бұл одақтың қандай

нәтижелерге әкелуі мүмкін екенін көрсету, яғни, балаларда «табиғат-адам-қоғам» бірлігі жайында түсінік қалыптастыру.

4. Оқушыларды жерлестерінің жұмыстары мен еңбектеріне деген құрмет сезімдерін, олардың жеңістері мен жетістіктеріне мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу. Балалар қазіргі таңда не болып жатқанын нақты біліп өсулері керек, себебі бүгінгі күн – ертенгі тарих, демек, олардың елімізді жақсартуға, даңқтатуға тырысып жүрген өз заманының ұлы адамдарымен өмір сүретіндерін түсіндірте білу қажет. Сол себептен де олар біздің қолдауымыз мен түсіністігімізге мұқтаж болып табылады.

5. Оқу процессінде туған өлкені зерделеу оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді. Өйткені, өз өлкесі жайлы тың ақпараттар балаға қол жетімді, яғни, әркім өз ашылуларын жасай отырып, жаңа мәлімет біле алады. Сондай-ақ өлкетану оқушылардың шығармашылық бастамасын, олардың әртүрлі тапсырмаларды орындаудағы дербестіктерін тәрбиелеуге баулиды.

6. Мүдделі нысандар туралы, адамдардың, кәсіпорындардың, мекемелердің қызметтері жайында, жұмысқа орналасу мүмкіншіліктері жайында қажетті ақпараттарды өз бетінше таба білу қабілетін дамыту.

7. Қазіргі кезең туралы сауатты безендірілген, мүмкіндігінше толық және қызықты, тың мәлімет көздерін жинау. Оқушыларға келесі ұрпақ зерттейтін мәліметтерге олардың жауапты екендерін түсіндіру керек. Сондықтан, мәлімет көздерін жинау кезінде олардың әртүрлі көзқарастарын сыни тұрғыдан өз көзқарастарымен бөлісуге, мәселенің әртүрлі жақтарын көрсетуге, яғни, зерттеуші бола білуге және ақпараттың ғылыми түрде дұрыстығына жауапкершілікте болуларына баулу қажет.

Өлкетанудың аталып өткен мақсаттары мен міндеттері заманауи білім беру міндеттеріне сәйкес келеді: «Адамға этномәдени, жалпыұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың үш шеңберін меңгертуге көмек қолын созу»[5].

Өлкетануды оқыту жүйесінің келесі құраушысы оның мазмұны болып табылады. Өлкетану бойынша білім концентраттары, яғни, шеңберлері: 1. Менің үйім. 2. Мектеп. 3. Ауыл немесе қала: өткені, бүгінгі кезеңі және даму болашағы. 4. Ауданды зерделеу. 5. Округті зерделеу. 6. Облысты зерделеу. Өзге де тақырыптарда осындай концентраттар болуы мүмкін. Өлкетанушы-педагогтар сабақ үстерінде және сыныптан тыс жұмыстар арқылы осы айтылған сатыларға қатысты мәселелер қоя білуі қажет. Сондай-ақ, отбасы, мектеп, қала, ауыл тақырыптарына қатысты зерттеулердің маңыздылығына назар аударуға міндеттеледі. «Бірақ, ең бастысы – барлық алты тақырыпқа да назар аудару, оқытушы мен оқушыларға олардың бірлігінің, интеграциясының қажеттілігін, шекараларының ашықтығын, білімнің бір шеңберден екінші шеңберге үнемі жүйелі түрде өту мүмкіндігі мен қажеттілігін, жақыннан алысқа, алыстан жақынға өту заңдылықтарын түсіну»[6].

Мысалы, оқушы өз отбасының шежіресін зерттей отырып, оны өз ауылымен, ауданымен байланыстырады. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың бұл қағидасы «маятник қағидасы» деп аталады. Сонымен қатар, оқушылардың оқу кезінде, сабақтан тыс шараларда, сыныптан сыныпқа көшкен кезде оқиғаларға қайта оралулары кезінде іске асатын спираль қағидасының да жүзеге асырылуы қажет. Өзінің өлкетану танымдарын тереңдете отырып, қағидаларын кеңейте отырып, зерттеудің неғұрлым күрделі әдістерін қолдануды үйренеді.

Осылайша, өлкетанудың оқу жүйесіндегі мазмұнын таңдау кезінде белгілі бір қағидаларды басшылыққа алу керек деген қорытынды жасауға болады. Е. Ю. Петряева оларды:

1. Интегративтілік қағидасы. Өлкетану оқушыларға белгілі бір аймақта тұратын адам жайында тұтастай дерлік түсінік бере алады. Интегративтілік дегеніміз – сабақ үшін географиядан да, археологиядан да, этнографиядан, экономикадан, әдебиет және тарихан да керекті ақпарат көздерін алу.

2. Көпмәдени толеранттылық қағидасы. Жергілікті мәлімет көздері өмір сүріп жатқан қоғамның көпұлтты екенін және әр халықтың өзінің тілі, діні, әдет-ғұрпы,

менталитеті бар екенін көрсетеді, бірақ есте сақтау керек жайт: қоғамда барлық адам тең және қызыққа толы, басқа да адамдармен бейбіт түрде өмір сүре білуіміз керек.

3. Антропологиялық қағида. Адам – өлкетанудың зерттеу ортасы, оның рухани және іс-жүзіндегі тәжірибесінің нысаны, ал саяси және экономикалық жағы тек адамның даму шарттары ретінде қарастырылады.

4. Курстың тәжірибелік бағытындағы қағидасы. «Бұл қағида педагогикалық салаға негізделіп отырып, мазмұнды дайындауда қолда бар әдістерді, заңдылықтарды, қағидаларды және жалпы оқыту мүмкіндіктерін талап етеді».

Мектептегі өлкетану жүйесінің құрамдас бөліктері оқытудың ұйымдастырушылық формалары болып табылады. Оқушылармен жұмыс жасаудың үш бағыты бар: оқу үстіндегі (сабақтар, факультативті сабақтар), сабақтан тыс (өлкетану үйірмелері, топтардағы сабақтар), мектептен тыс (туризм және демалыс орталықтары, оқушылар сарайлары, эстетикалық тәрбие орталықтары). Осы бағыттар бойынша жұмыс жасай отырып, оқытушы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың көптеген формалары мен әдістерін қолданады.

Қорыта келгенде, оқытушы мен оқушылардың ынтымақтастығынан өлкетану жұмысын ұйымдастыратын оқытушының белгілі бір сипаттамалары болуы керек деген қорытынды жасауға болады: біріншіден, ол өлкенің қыр-сырын, географиясын, тарихын, т.б. білуі қажет; екіншіден, білім ордасындағы өлкетанудың әдіснамалық негіздерімен танысуы керек; үшіншіден, оқытушы жүргізіліп жатқан жұмысқа шын ниеттен қызығушылық таныту керек, зерттеу жұмыстарымен айналысқаны да абзал; төртіншіден, өлкетанушы-педагог мектепте өлкені зерделеу бойынша факультативтер мен басқа да жұмыс түрлері арасында оқу үстінде, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстардың, сондай-ақ өлкетану негізіндегі пәнаралық байланыстардың тығыз байланысын орнатуды ұйымдастыра білуі керек.

Нысандар мен әдіс-тәсілдердің алуан түрлілігі, өз бетінше ізденуі үшін дереккөздердің қолжетімділігі, оқиғалардың жақындығы, тарихи оқиғалардың куәгерлеріне сұрақтар қою мүмкіндігі – осының бәрі өлкетану сабақтарын қызықты етеді, оқушыларды зерттеулер мен жаңалықтардың керемет әлеміне тартуға көмектеседі, олардың шығармашылық қабілеттерін ашады және тәрбиелік жағынан әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Строев К. Ф. , Ефремов Ю. К. Краеведение / К. Ф. Строев, Ю. К. Ефремов; под ред. А. М. Прохорова // Большая Советская Энциклопедия. — 3-е изд. — М. , 1973. — Т. 13. — С. 920.
2. П. В. Иванов, И. С. Матрусов, А. Е. Сейненский; под общ. ред. В. В. Давыдова. // Большая Российская энциклопедия. — М. , 1993. — Т. 1. — С. 475—476.
3. Ожегов С. И. Краеведение. / С. И. Ожегов; под общей ред. проф. Л. И. Скворцова // Словарь русского языка. — 24-е изд. , испр. — М. : ООО «Издательский дом «ОНИКС 21 век», ООО «Издательство «Мир и образование», 2003. — С. 295.
4. Ермолаева Л. К. Изучение своего края: проблемы и подходы к их решению / Л. К. Ермолаева // Преподавание истории и обществознания в школе. — 2002. — № 3. — С. 40—47.
5. Забытова С. В. Изучение региональной истории в школе / С. В. Забытова; под ред. Н. А. Шаховой, И. Е. Федоровой. — Благовещенск, 2000. — С. 32—37.
6. Гостев А. Воспитание историей: О значении школьного исторического краеведения / А. Гостев // Народное образование. — 1988. — № 6. — С. 26—28.